



№40 (10030)
21 мамыр,
сейсенбі
2024 жыл

Жалағаш жаршысы



«zhalagash-zharshysy.kz»
ақпараттық аземіміз

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Егінжай – 2024



Бақшаға 500 гектар жер бөлінді

Ауданда тұрғындар тарапынан картоп, қауын, қарбыз, асқабақ сынды басқа да бақша дақылдарын егуге жер дайындау жұмыстары бір ізге түсті. Бүгінде аймақ басшысының бұл бастамасы халықтың бақша өнімдерін өздері егуіне қолғабыс болып отыр. Нақтырақ айтсақ, шаруашылықтар тарапынан жер ашылады, қоршалып, аяқ су жеткізіледі. Ал халық тек салған бақшасының күтіміне жауапты.

Биыл 500 гектар жаңадан жер дайындалып, оның 235 гектарына картоп, 192 гектарына басқа да бақша дақылдары, 73 гектарына көкөніс егу жоспарлануда. Қазіргі таңда 610 тұрғын картоп, көкөніс, бақша дақылдарын орналастыруға өтім берген. Мұнан бөлек Мақпалкөл ауылдық округіндегі «Ер-Әлі» шаруа қожалығы 10 гектар жерге тамшылатып суару өдісімен картоп және басқа да бақша дақылдарын орналастыруды жоспарлап отыр.

Осы орайда дархан даланың берекесін молайтқан диқан қауымының тыныс-тіршілігімен танысу мақсатында аудан әкімі Ардақ Ибраимов Жаңадария ауылына барды. Сұранысқа ие өнімдерін жұртқа жыл сайын ұсынып отырған егінші қауымының көктемгі дайындығы жылдағыдан қарқынды. Несібесін Жер аның кең даласынан тапқан ауыл тұрғындарының басым бөлігі ерте көктемде дән сеуіп, бүгінде қауын-қарбызын жапырақ жайқалтқан.

Аудан әкімі Ардақ Ибраимов адал еңбекті жанына серік еткен еңбеккерлермен кездесіп, егін маусымында мол өнім алу үшін барынша қолдау көрсететінін жеткізіп, талаптанған диқандарға сәттілік тіледі. Қазіргі таңда аудан бойынша жоспарланған 500 гектар жердің 215 гектары дайындалып, 32 гектар картоп және басқа да бақша дақылдары орналастырылған.

«ЖЖ» ақпарат



Мәселе

Ескі техника еңбекті күйретеді



Ауылдық жерде тұрған соң өміріміз де, жұмысымыз да ауыл шаруашылығы саласына тікелей байланысты. Қуантарлығы, алқап басына барсаң, бұрын тозығы жеткен техникаларға көз түсетің, ал бүгінде жүйткіп жүрген жаңа тракторларға тамсанасың. Механизаторлардың айтуынша, қазіргі трактор мен комбайндар заманауи құрылғылармен жабдықталған, жалпы тиімді жұмыс істеуге барлық жағдай жасалған. Бір сөзбен айтқанда, шаруашылықтар техникалық базасын нығайтуға әлі де басымдық беріп отыр.

**207 млн теңгеге
2 көлік алынған**

Биылдың өзінде ауданда жалпы құны 207 млн теңгеге 2 ауыл шаруашылығы техникасы алынған. Ал көктемгі егісті егу жұмыстарына 955 ауыл шаруашылығы техникасы қатысуда. Оның ішінде 520 трактор, 115 соқа, 52 тұқым сепкіш, 100 автомашина, 168 трактор тіркемесі бар. Шаруашылықтар тарапынан көктемгі егін егу жұмыстарына «ГосАгро» порталы арқылы 1685 тонна жеңілдетілген дизель жанармайына өтім берілген. Қазіргі таңда 12 шаруашылық 245 тонна жанармай алып, егін орналастыру жұмыстарына кірісіп кетті. Жанармайдың 1 литрі 248 теңгеден жеткізілуде.

**Техника паркінің 75
пайызы тозығы жеткен**

Алайда егін науқаны басталарда Премьер-министр елімізде ауыл шаруашылығы техникасының тозуы өткір мәселеге айналғанын мойындады. Олжас Бектеновтың айтуынша, қазіргі таңда жалпы техника паркінің 75 пайыздан астамының тозығы жеткен. Сондықтан диқандарға жаңа техника

сатып алу жолын жеңілдетіп, жемқорлық тәуекелдерін азайту қажет. Аталған мәселені шешу үшін фермердің өзі төлеп келген алғашқы 15 пайыз жарнаның орнына тікелей лиценздік компанияға инвестициялық субсидия салынуы тиіс. Сондай-ақ аталған шаруалар субсидияны уақытында ала алмай отырғаны да кедергі келтіріп отқандай. Мәселен, былтырғы субсидиялар бойынша қарыз 160 млрд теңгеден асқан.

Осы орайда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың агроөнеркәсіп кешенінің әлеуетін күшейту туралы тапсырмасына сәйкес машина-трактор паркін жедел жаңарту және жергілікті ауыл шаруашылығы машиналарын жасау кәсіпорындарын дамыту тетігі әзірленді. Нақтырақ айтсақ, Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі Ауыл шаруашылығы министрлігімен бірлесіп, елімізде аналогтары шығарылатын шетелдік ауыл шаруашылығы техникаларына субсидия беруден бас тартуды көздейтін құжат қабылдады.

Мәселен, қазіргі уақытта елімізде түрлі қуаттылықтағы және модификациядағы трактор, астық жинау және жем-шөп жинау комбайндарының 15-тен астам брэндин шығаратын 8 зауыт жұмыс істейді. Өткен жылдың қорытындысы бойынша отандық өнді-

рушілер 113,5 млрд теңгеге 5 418 трактор, 99,1 млрд теңгеге 1 032 комбайн шығарған.

**Шетелдік өндірушілерді
субсидиялау үлесі
6 есеге төмендейді**

Айта кететін жайт, бұған дейін импорттық және отандық техникаға берілетін субсидиялар көлеміндегі айырмашылық шетелдік өндірушілердің пайдасында болған. Мәселен, 70,2 млрд теңге өтемақының 28,3 млрд теңгесі жергілікті кәсіпорындарды қолдауға, 41,9 млрд теңгесі импортқа бағытталған. Аталған тәсіл қазақстандық зауыттардың өнімдерін сату көлемін азайтқаны жасырын емес. Жаңа тетік бойынша шетелдік өндірушілерді субсидиялау үлесі шамамен 6 есеге, яғни 6,5 млрд теңгеге дейін төмендетіледі, бұл ретте отандық өндірушілердің үлесін 63,7 млрд теңгеге, яғни 90,7 пайызға дейін жеткізу жоспарланып отыр.

Осылайша 2021 жылы «СТ ЭСЭМБЛИ» кәсіпорында TUCANO 450 және TUCANO 580 комбайндарын құрастыру басталған кезде Claas-пен арнайы инвестициялық келісім-шартқа қол қойылған екен. 2 жылдан кейін жергілікті өндірушілердің компо-

ненттерін «Агромаш Холдинг» АҚ, «Қазақстан Агро Инновациялық Корпорациясы» ЖШС, «ШығысМаш Завод» АҚ, «Reimann» ЖШС жеткізе бастаған. Кәсіпорында былтыр 246 өздігінен жүретін техника және 158 тіркеме құрастырылған. Зауыт іске қосылған сәтте өндіріспен қамтамасыз етілген жұмыс орындарының саны 2 есеге артқан. Қазіргі таңда кәсіпорында 73 қызметкер жұмыс істейді.

Алайда шетелдік ауыл шаруашылығы техникасын субсидиялауды алып тастаудың елімізде өндірісі жолға қойылмаған позицияларға, атап айтқанда, қант қызылшасын, мақта өндіруге, картоп, жеміс-көкөніс жинауға мамандандырылған техникаға қатысы жоқ. Бұл жағдайда еліне қарамастан 25 пайыз көлемінде субсидиялау нормативі қарастырылған.

Жалпы қазақстандық ауыл шаруашылығы машинасын жасау кәсіпорындары қазіргі таңда өздігінен жүретін техника нарықтың шамамен 80 пайызын қамтиды. Бұл ретте елімізде шаруалардың шамамен 90 пайызын шағын және орта фермерлер құрайды, олар үшін жеңілдікті лиценздік құралдар мен қолжетімді техника машина-трактор паркін жаңартуға мүмкіндік береді.

Айта кетейік, биыл көктемгі егіс науқанына 149,9 мың трактор, 5 мыңға жуық жоғары өнімді егіс кешені, 76,4 мың тұқым сепкіш, 219,1 мың топырақ өңдеу құралы жұмылдырылған. Бүгінде техниканың науқанға дайындығы шамамен 85 пайыз болып тұр.

Жандос ЖАЗКЕН

Еңбек адамы



Балқан Әміров, диқан:

Күріш егу оңай жұмыс емес

Ойлап қарасаңыз, мына өмірде ешкім еңбексіз алға баспайтыны анық. Егер адам еңбектенбесе, сөзсіз түгесілер еді. Сондықтан әрбір адал еңбегі арқылы нәпақасын тауып, қоғамға кішкене болсын пайдасын тигізіп жүрген адамның барлығын еңбек адамы деп айтса жарасады.

Бірақ бүгінде біздің қоғамда белгілі бір дәрежеге, мансапқа, байлыққа қолы жеткен адамдарды ғана еңбек адамы дейтін түсінік пайда болғаны жасырын емес. Шын мәнінде, қоғамның бүгінгідей өмір сүруіне инженерлер, агрономдар, құрылысшылар, қарапайым шаруа адамдарының үлесі басым. Кейбірінде ми еңбегі, ой еңбегі басым болса, енді біреулері керісінше физикалық тұрғыдан көп қимылдап, күннің ыстығы мен суығына қарамай еңбек етіп жүреді.

Осы орайда жаз бойы егістік басында жүрген қарапайым шаруа адамдарының күнделікті тіршілігін насихаттау мақсатында күні кеше Аламөсек ауылына бардық. Біз сұхбат алған еңбек адамының

жүзі күнге өбден тотыққан. Бидай өнді күрішіші Балқан Әміровтен сөздің емес істің адамы екенін ә дегеннен-ақ байқадық. Өйткені сөйлесуге мұршасы жоқ. Бар ойы – даладағы жұмыс. Жастайынан атасы мен әкесінің жанында жүріп, қиындыққа қайыстай тартылып, еңбек майданында шыңдалғаны көрініп тұр.

Бөкең 3 жылдан бері «Ибраев Б» ШҚ-да күрішіші болып еңбек етіп жүр. Күріштің күтіміне қанық диқан был 25 гектар жерге Сыр салысын сепкен. Былтыр да дәл осы межеде астық баптаған шаруа адамы гектарынан 70 центнер өнім жиыпты. Биыл өзіне одан да жоғары меже қойған Бөкең сол мақсатқа жету үшін күні-түні күріштік басында еңбек етуде.

Бөкең – өте еңбекқор азамат. Күннің аптап ыстығы мен ызғарлы суығына сынбайтын, өзгерлерге үлгілі ауыл азаматының бірі. Өзіне тиесілі аумақтағы күрішті күріш күнге дейін нәрестейді мөлелейміз. 90-110 күн аралығында суда жатады. Одан соң суын құрағатып, ораққа дайындаймыз. Кез келген жерге тұқым салса, ол өнім береді деу қиын, әрине. Егін бітік шығуы үшін қы-

руар жұмыс керек. Егінді суару, оны жөндіктерден түрлі аурудан сақтау үшін тыңайтқыш, дәрі себу қажет, – дейді шаруа адамы. Бөкеңнің айтуынша, олар дала қосынында соңғы шыққан жаңа технологиялармен жұмыс істеп жатыр. Заманауи техника жұмыс сапасын әлдеқайда жоғары көтеруге, тиімділікті арттыруға мүмкіндік береді, тек ерінбей еңбек етсең болды. Ең бастысы, еңбекпен шыңдалған ала дарабозы орақ маусымын уақытылы аяқтаймыз деген сенімде.

Жоғарыда айтқанымдай, қоғамда белгілі бір дәрежеге, мансапқа, байлыққа қол жеткізуде негізінен осындай қарапайым еңбек адамдарының қолтаңбасы барын білуіміз керек. Түптеп келгенде, ел қазынасын еселеуде де осындай шаруа адамдарының үлесі басым.

Мейрамбек ОСПАН

Сұхбат

Ардақ Ибраимов, аудан әкімі:

Жемқорлықпен күрес – ортақ міндет

Сыбайлас жемқорлық орын алған қоғамда даму динамикасы мүлде болмайды. Жемқорлық жайлаған салада серпін қалыптастыру да мүмкін емес. Қазақстан дамушы елдер қатарында болғандықтан онымен күрес мемлекеттің басты саясатының бірі екені айтпаса да түсінікті. Негізінен онымен күрескеннен алдын алған әлдеқайда тиімді. Осы ретте Жалағаш ауданы әкімінің сыбайлас жемқорлық профилактикасы бағытында атқарған жұмыстары да аз емес. Ал оның нәтижесі қалай? Осы және өзге де бірқатар сауалдың жауабын білу үшін аудан әкімі Ардақ Ибраимовпен сұхбаттасқан едік...

– Ардақ Әбдіаппарұлы, Президенттің Жарлығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын және оны іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарынан туындайтын тапсырмаларды жүзеге асыру бойынша неңдей шараларды қолға алдыңыздар?

– Бұл мақсатта профилактикалық шаралар тұрақты түрде жүргізілуде. Ол үшін аудан әкімдігі жанынан арнайы құрылған комиссия жұмыс жасауда. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алуда жергілікті атқарушы органдармен атқарылған жұмыстарды халық арасында кеңінен ақпараттандыру мақсатында жергілікті газет бетіне, әлеуметтік желілерде және аудан әкімдігінің ресми сайтына мақалалар тұрақты жарияланып келеді. Тұрғындардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағыттағы құқықтық ақпаратқа барынша қол жеткізуді қамтамасыз ету мақсатында аудан әкімінің сайтында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері» атты жеке бөлім ашылып, атқарылған жұмыстар бойынша мәліметтер тоқсан сайын енгізіліп отыр.

– Жаңа сіз айттық отырған комиссия отырысында осыған дейін қандай мәселелер қаралды?

– Жалағаш ауданы әкімдігі жанындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі комиссияның былтыр 4 рет кезекті отырысы өтті. Онда аудан әкімдігіне қарасты мекемелер, кент, ауылдық округ әкімдері мен құқық қорғау органдары басшыларының атқарған жұмыстары бойынша есебі тыңдалды. Кент, ауылдық округ әкімдеріне, аудандық бөлімдер мен мекеме басшыларына

ай сайын сыбайлас жемқорлық төуекелдері мен осал тұстарына аса мән беріліп, мекеменің қызметіне ішкі талдау жұмыстарын жүргізіп, сыбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы бағытталған шараларды күшейту тапсырылып, бақылауға алынған. Бұл ретте қызметкерлермен персоналды түрде профилактикалық әңгімелесу жұмыстарын жүргізу және заңнама талаптарын қатаң сақтау керектігі жөнінде ай сайын ескертпелер беріліп отыр.

Тұрмыстық жемқорлықты жою, халыққа қолайлы орта қалыптастыру бағытында әзірленген арнайы видеороликтер аудан әкімдігінің фейсбук парақшасына жарияланды. Кент, ауылдық округтерде, мемлекеттік мекемелерде, мектептер мен аурухана ғимараттарында және халық көп шоғырланатын орындарда ақпараттық-насихаттық ұнпарақтар ілінген. Жалағаш кентінде, ауылдық округтерде және Халыққа қызмет көрсету орталығында «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ», «1424-ке хабарласыңыз» тақырыбында билбордтар мен кернеулер орнатылды. Барлық мекемеде және оларға қарасты ведомстволық бағынысты мекемелерде жемқорлық төуекелдерін болдырмау үшін қажетті шаралар қабылданып, бақылауға алынған.

– Жалпы қызмет саласына кері әсер ететіндіктен одан әсіресе мемлекеттік қызметкерлер ада болғаны дұрыс. Бірақ қоғамда жалпы жемқорлықты жою үшін қайтпек керек?

– Әрбір мемлекеттік қызметші сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға өз үлесін қосса, осы бағыттағы жұмыстар оң нәтижесін береді. Сондықтан сыбайлас жемқорлықтың

алдын алу, онымен күресу – барлық мемлекеттік қызметшінің міндеті. Қоғамға жемқорлықтың теріс салдары туралы ақпаратты дұрыс жеткізу олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетінің қалыптасуына, өз құқықтары мен міндеттерін терең ұғынып, жете түсінуіне және орындауына септігін тигізеді. Ол үшін ең алдымен қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана қалыптасқан жағдайда ғана адам адамгершілікке жат қылықтардан бойын аулақ ұстай бастайды, заңға қайшы келетін әрекеттерді жасауға жол бермейді. Ал қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, рухани құндылықтарды арттыру, адалдық пен әділдікті қалыптастыру – барлығымызға ортақ міндет.

– Жалпы аудан бюджетінен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер, квазимемлекеттік сектор субъектілерінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында сыбайлас жемқорлық төуекелдеріне талдау бола ма?

– Әрине, «Сыбайлас жемқорлық төуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығына сәйкес, былтырдан бастап ішкі талдау жұмыстары жүргізіліп келеді. Биыл аудан әкімдігіне қарасты 5 дербес бөлімде, аудан әкімінің және 8 ауылдық округ әкімінің аппараттарында сыбайлас жемқорлық төуекелдеріне ішкі талдау жүргізіліп,



талдау нәтижесімен қалыптасқан ұсыныстар үкілетті органға жолданды. Аудан әкімі және кент, ауылдық округ әкімі аппараттары мен аудан әкімдігіне қарасты дербес бөлім қызметкерлері қолданыстағы заңнамаларға сәйкес жеке табысы туралы декларациялар уақытылы тапсырып отыр.

– Жалпы ауданда сыбайлас жемқорлық фактілері осыған дейін орын алды ма?

– Жеке және заңды тұлғалардан мемлекеттік қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық және олардың құқықтарын өрескел бұзу фактілері жөніндегі арыз-шағымдар түскен жоқ. ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес, Жалағаш ауданы бойынша аудан әкімінің аппараты, кент, ауылдық округ әкімдерінің аппараттары және аудан бюджетінен

қаржыландырылатын атқарушы органдарда жеке және заңды тұлғалардың өтініштері мен хаттарына арналған жәшіктер талапқа сай орнатылған. Аталған мекемелерде «Сенім телефондары» белгіленіп, бұл туралы аудандық «Жалағаш жаршысы» газетінде жарияланды.

– Қоғаммен ашық байланыс орнатуда неңдей шаралар қолға алынды?

– Бұл мақсатта ауданда азаматтарға құқықтық көмек көрсету шеңберінде тоқсан сайын «Халықтық заңгер» акциясы өткізілуде және барлық кент, ауылдық округтерде «адалдық бұрышы» жұмыс жасауда. 2024 жылы үкіметтік емес ұйымдармен жүзеге асырылатын мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстарға 5 млн теңге қарап, ол бойынша 13 жоба іске асырылады.

Есепті кезеңде аудан бойынша сыбайлас жемқорлық сипатындағы қылмыстар, құқық бұзушылықтар орын алған жоқ. Мұның барлығы сол қолға алған жобалардың жемісі деп білеміз. Алдағы уақытта аудан әкімдігі тарапынан Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын, оны іске асыру жөніндегі іс-қимыл шеңберінде перменді шаралар қабылданып, нақты жұмыстар жүзеге асады. Жемқорлықпен күрес – ортақ міндет. Осы мақсатта ойымыз тоғайында біз жасаған жұмысымыздың жемісін көреміз. Негізінен онымен күресті әр адам өзінен бастағаны баршамызға тиімді.

– Сұхбатыңызға рахмет!

Сұхбаттасқан
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Мәселе



Отандық туризм ақсап тұр

Еліміздегі табиғаты Швейцарияға ұқсас Катонқарағай әлемнің ең экологиялық таза өлкелері тізімінің үштігіне енді. Одан бөлек ауыз толтырып айтуға болатын туристік мекендеріміз көп, оны жыл сайын шет елдерден келетін туристердің де саны артуынан байқауға болады. Әрине, бұл – қуантарлық жағдай. Бірақ қазақстандықтар көбіне шет елдерде дем алады, Езімізден отандық туризмге деген сұраныстың төмендеуіне не себеп? Тарқатайық...

Қазақстан жер көлемі жағынан ең үлкен елдердің қатарында. Көз тоймайтын әр қаланың өзіндік табиғатына да күеміз. Былтырғымен салыстырғанда елімізге келген шетелдік туристердің саны біршама өскенін байқауға болады. Яғни 2022 жылы 928 мың турист саяхат жасауға келсе, былтыр 1084,8 мың туристке жеткен. Олардың ішінде көршілес Ресей мемлекетінен келген туристердің саны айтарлықтай көп. Сондай-ақ Қытай, Түркия, Индия және АҚШ мемлекеттерінен де келетін туристер саны артқан. Бірақ өкініштісі, өз елінде демалатын қазақстандықтардың саны тым аз екен.

– Қазіргі уақытта отандық туризмнің тұтынушылары ең әуелі баға саясатына қарайды. Мысалы, салыстырмалы түрде отандық туризм баға жағынан қымбат болса, өзінің қалтасына ыңғайлы шет елді таңдауына тура келеді. Сонымен қатар Қазақстанның аумағы үлкен болғандықтан, салыстырмалы түрде кейде еліміздің шығысынан батысына барғанын Еуропаның шығысынан батысына барған жақынырақ. Сондықтан отандастарымыз жақын маңдағы елдерді таңдап жатады,

– дейді «Kazakh Tourism» ұлттық компаниясының ресми өкілі Әлішер Тұрсын.

Таң қаларлығы, әлем бойынша туризм саласынан «дүниежүзілік экономикалық форум» рейтингі шыққан. Оның ішінде Қазақстан ең арзан, қолжетімді мемлекеттер қатарында, яғни 4 орында тұр. Демек елімізде саяхаттау үшін «баға қымбат» деу жай сылтау секілді. Байқағанымыз, қазір адамдардың көбісі бағадан ұсынылатын қызметке қарайды. Саяхаттайтын жерді ғана емес, қарапайым дүкендер мен асханаларды таңдамас бұрын келушілердің пікірін оқытымыз да жасырын емес. Сондықтан бұл жерден түйенің, көрсетілген бағаға ұсынылатын қызмет сәйкес келмейді.

Осы орайда шетелдік тәжірибеге де жүгінген дұрыс секілді, яғни отандық туристерге бағаны төменірек қойып, ал шетелдік туристерге бағаны жоғары ету. Өкінішке орай елімізде бұл мәселе қазіргі таңда керісінше жүзеге асуда. Яғни шетелдіктер үшін қарапайым қонақ үйлердің өзі арзан бағада, ал отандастарымыз үшін қымбат. Одан кейін екінші қолдану керек шетелдік тәжірибе алдын ала

құнын өтеп, қызметіне жүгіну. Яғни ірі турист компанияларымен бірігу қажет. Туристер олардың көмегімен қонақ үйлер мен тамақ ішетін орындарды алдын ала белгілеп болса, арзанға түсер еді.

Өзім де саяхаттауды, табиғат аясында жиі болғанды жақсы көремін. Ал елімізде мұндай мүмкіндік өте көп, себебі әр қаланың ауыз толтырып айтарлықтай өз табиғаты бар. Бірақ саяхаттау барысында ұсынылған қызметтерге көңіл толмайтын тұстар да аз емес.

Саяхаттау барысындағы келесі мәселе – транспорт қолданысы. Бәріміз білетіндей, елімізде транспорт қызметінің бағасы өте жоғары. Кейде қалааралық ұшақ бағасының орнына турист компаниялардан көршілес елдерге 2 немесе 3 күндік тур сатып алып, саяхат жасау тиімдірек. Сондықтан отандық туризмді дамытудың бір жолы транспорт бағасын реттеу секілді.

Туристік саладағы тағы бір маңызды бағыттың бірі – инженерлік инфрақұрылымды дамыту. Өткен жылы жалпы құны 131,2 млрд теңгеге 33 жоба іске асырылды. Биыл 289 млрд теңгеге 70 жоба жүзеге асырылмақ. Маңызды жобалардың

Сапар

Басты мақсат – ауылды көркейтеу

Ауылға көңіл бөлу және ондағы халықтың өмір сүру сапасын жақсарту – мемлекеттік мән зор іс. Кез келген экономикалық реформаның түпкі мақсаты – халықтың әл-ауқатын арттыру. Соңғы жылдары ауданда ауылдық елді мекендерді көркейтуге көп көңіл бөлінуде.



Осы орайда аудан әкімі Ардақ Ибраимов М.Шәменов ауылына кіреберіс автомобиль жолының күрделі жөндеу жұмыстарымен танысты. Жұмыс сапары барысында елді мекен тұрғындарының сұранысына сәйкес құрылыс сапалы болу қажеттігін жеткізді.

Жалпы 1,3 шақырымды құрайтын аудандық маңызы бар М.Шәменов ауылына кіреберіс автомобиль жолының бойындағы көпірлерді жөндеу жұмыстары аяқталуға жақын. Ескі жолды қырып, тегістеу жұмыстары толығымен аяқталған. Құм аралас тас төсеу жұмыстары басталуда.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың елді мекендердегі инфрақұрылымды дамыту жөніндегі тапсырмасына сәйкес, аудан бойынша ауқымды бастамалар Үкімет басшысы мен облыс әкімі тарапынан қолдау тапқан. Бұл ретте аудан басшысы республикалық, облыстық және аудандық бюджет есебінен жүзеге асып жатқан жобаларды уақытылы әрі сапалы аяқтау бақылауда болатынын айтты. Сондай-ақ Ақсу және М.Шәменов ауылдарында жүргізіліп жатқан газдандыру жұмыстарын мерзімінде аяқтап, халықтың игілігіне табыстау қажеттігін тапсырды.

Айта кетік, былтыр облыстық бюджеттен Ақсу және М.Шәменов елді мекендеріне газ желісін тарту жұмыстарын бастауға 40 млн теңге бөлінген. Қазіргі таңда мемлекеттік сатып алу жұмыстары аяқталып, құрылыс жұмыстары басталды. Жоба өтпелі, мердігер мекеме – «АЭС and Limited» ЖШС. Сондай-ақ әлеуметтік нысандардың жылу жүйелерін табиғи газға ауыстыруға «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында республикалық бюджеттен 25,5 млн теңге бөлінді.

«ЖЖ» ақпарат

Ақнұр АЛТЫНБЕК

Тарих



Абайды сұраған генерал

Мен алпысыншы жылдардың басында әскердегі қызметімді Литвада Каунас қаласы жанындағы стратегиялық-ракеталық бөлімде атқардым. Бізге он мың шақырым қашықтағы нысананы 7-8 минутта тас-талқан қылатын қаруды игеру оңай болған жоқ. Бірақ кешегі елін ортақ жаудан қорғап, қан төккен жеңіс солдаттарының балалары бұл қиындыққа тез көніп, өзімізге бекітілген техникамызбен әскери міндетімізді, азаматтық борышымызды адал өтедік.

Сөздің реті келгенде айта кетейін, 1964 жылдың мамыр айында әскери бөлім ұзақ жаттығудан кейін өздері Куба дағдарысында мұхиттың арғы жағында мемлекеттік тапсырманы орындап қайтқан ракеталарды атып сынау үшін «Капустин-Яр» полигонына келіп, бір айдай әскери жаттығудан кейін мемлекеттік сынақтан өтіп, шілде айында өз бөлімімізге қайта оралдық. Менің осы жаттығудағы еңбегімді бағалап, марапаттап, он тәулік еліме барып келуге демалыс беріп, СОКП мүшелігінің үміткерлігіне қабылдады. Мені және мен сияқты үміткерлерді дивизияның саяси бөліміше бюросына алып барды.

Біз әр бөлімнен келдік, жүрегіміз дүрсілдеп, асқан қуаныш сезімімен өз кезегімізді күттік. Ішке ену кезегі маған да келді. Әскери тәртіптен киінген, барлық қол жеткен белгілерді кеудеге тағып, алпысыншы жылдардың басында қолдан-қолға тигізбей сүйіп оқытын жазушы Александр Бектің «Арпалыс» кітабындағы Бауыржан туралы оқыған кейбір бейнелерді еске алып, сарбазға тән шалт қимылмен есікті жула тартып, екі өкшемді сарт еткізіп, қаздырып тұра қалдым. Мүмкін менің алдымда кіргендер мұндай рәсім жасамаған болар. Түкті кілем төсеген ол шаптырым кабинеттің екі жағындағы орындықтарға жарылып отырған жоғары дәрежедегі офицерлер мен төрде үстел басындағы генерал мен оның жанындағы екі шендесінің назары маған ауыл, шыбынның ызыңы естілмейтіндей тыныштық орнады.

Тыныштықты біздің бөлімнің партком хатшысы бұзды. Ол әскери тәртіптен рұқсат сұрап, мені СОКП мүшелігінің кандидаттығына қабылдаудағы партия комитеті ұсынысымен таныстырып, оны бекітуді сұрады. Шамамы дивизия партия комитетінің хатшысы болуы керек, қырықтын үш-

төртеуіне шыққан, қызыл шырайлы, сирек шашты, кеудесінде Кеңес одағы батырының белгісі бар генерал «жақсы, жақсы» деп екі рет қайталап, ағалық мейіріммен көгілдір көздерінің жылуын барынша сездіріп, менің ұлттымы, әскерге дейін не істегенімді, әке-шешемді, елдің жағдайын сұрады.

Әкемнің соғысқа қатысқанын, оның Сталинград майданында ауыр жарақат алғанын, қазір әскери мүгедек екенін тілім жеткенше айтып бердім. Ол жауабыма риза болды ма, жүзі бұрынғыдан да нұрланып, «сұра, сұраңдар» деп қасындағыларға қарады. Бұрын біз генералдарды әскери жаттығу кезінде немесе олардың алдарынан шерумен өткенде көрсетінбіз. Оларға тікелей қарауға мұршамыз болмай, танаулап өтіп, жөнімізбен кететінбіз. Міне, бүгін аттары құлаққа айбынды естілетін үш генералдың алдында тұрмын, олар сұрақ беруде. Тау халқына ұқсас мұрныңың астында бармақтай мұрты бар генерал: «Қазақтар Ұлы Отан соғысында жақсы соғысты, бұл жауынгер солардың ұлдары ғой, — деп өз сөзіне өзі жауап бергендей болды.

Үстінде авиация әскери формасы бар генерал: «Мен Николай Иванович, авиацияда болдым ғой. Біздің жауу әскерлердің құрамында ол ағайындармен кездесіп тұрдық, — деп кешегі соғыс кезіндегі өмірін еске түсіргендей болды.

Мен бұрынғыдай емес, етім үйреніп, өзімді еркін ұстап, отырғандарға көз жібердім. Әскери тәртіп дегендей, барлығы да байсалдылықпен генералдардың сөзін тындап отыр, ешқандай артық қимыл сыбыр естілмейді. Біз бюороға дейін партия бағдарламасын, коммунизм құрылысшыларының моральдық кодексін жаттап алған болатынбыз. Ал СОКП тарихы мен партия съезіндегі мәліметтерді түнде

тұрғызып сұраса да айтып беретін дәрежеге жеткен еді. Өз жағдайым мен дайындығымды жақсы білгендіктен бағдарлама немесе моральдық кодекстен бір-екі сұрақ сұраса екен деп ішкімнен ойлап қоямын. Бірақ жағдай олай болмады. Сөзді хатшы генерал өзіне тән байсалдылықпен бастады.

— Сен Абайды оқыдың ба? — деп маған байсалды жүзімен маңғаздана қарады.

Мұндай сұрақты осы жерде қояды деп үш ұйықтасам да түсіме кірмес, тез жауап бере алмай тұрып қалдым. Осы генерал құдды мектепте маған қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ берген Қайназар Қосжанов ағайға ұқсап кеткендей болды. Ойымды жинап алып, жылдамдата: — Оқыдым, жолдас генерал — дедім.

— Оны кім жазғанын білесің бе? — деп сұрағын жалғастырды.

— Мұхтар Әуезов жазған, — деп өз жауабыма риза болғандай генералдың жүзіне байыппен қарадым.

Ол менің жауабыма онша қанағаттанбағандай: — Заманымыздың ұлы жазушысы Мұхтар Омарханұлы Әуезов жазған. Ұлы ақын, философ, демократ Абай Құнанбаевтың өмір жолы арқылы жазушы ол өмір сүрген кездегі бүкіл қазақ халқының қоғамдық-әлеуметтік өмірі мен ұлттық салт-санасын, дәстүрін, бұрын оқырман қауым біле бермейтін жайын да жеткізе білген роман. Осы еңбегі үшін М.Әуезовке сталиндік сыйлық берілді. Қазір екі томдық «Абай жолы» романы Мәскеуде бірнеше тілге аударылуда, — дегенде бағанадан бері салғырттау тындап «бізге не қажеті бар?» дегендей ойдағы офицерлер бастарын көтеріп, генералдың аузына қарап қалыпты. Ал ол сөзін одан әрі жалғасты: — Жолдастар, өзі кеңес әдебиетінің алтын қорынан орын алатын туынды.

— Иван Михайлович, — деп қатарда отырған полковникке қарады.

— Жақында Мәскеуде саяси басқармада ұлт әдебиеттерімен кинофильмдерін әскери бөлімдер мен мәдени ошақтарға көптеп жіберу, ұлт мәдениеті мен әдебиеттерін оқып үйрену туралы арнайы мәселе қаралды. Бізде орыс тіліне аударылған ұлт әдебиеттері онша көп емес қой. Сондықтан әскери кітап сауда арқылы «Абай жолы» романын алдырыңдар, барлық бөлімнің қызыл бұрышында, оқу залдарында, кітапханаларында болатын болсын, — деп тапсырма да беріп үлгерді.

— Кімде қандай сұрақ, ұсыныс бар? — деп өз жауабына өзі риза болғандай бір шолып өтті.

— Бөлім партия комитетінің шешімі бекітілсін!

Мен СОКП мүшелігінің кандидаттығына өттім. Бозбала жастық шақтың қызуымен махаббат туралы, соғыс тақырыбына жазылған шығармаларға бой ұрып, осы тақырыптарға жазылған кітаптарды бір оқырмандай оқыған мен Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» мектептегі әдебиет хрестоматиясы көлемінен әрі қарай оқымағаныма өкіндім. Сол жылдың тамызы айында елге демалысқа келгенде аудан орталығында кітапханашы болып істейтін жеңгейден романды өзімнен бірге Литва жеріне ала кетіп, өзімнің сүйікті кітабыма айналдырдым.

Міне, содан бері қаншама жыл өтті. Есейдік, ер жеттік, балалы-шағалы болдық, ақсақалдық асуға да таяп қалдық. Кезінде жан-тәнімізбен қызмет еткен Кеңес мемлекеті тарап, келмеске кетті. Оның басшысы, күш беруші, мен қатарында отыз жыл болған коммунистік партия да өз өмірін тоқтатты. Ұлы Абай, Мұхтар туралы жақсы мағлұмат берген генерал қазір бұл өмірде бар ма, жоқ па, ол жағын білмеймін. Бірақ ұлыны тек қана ұлылар таниды деген рас екен. Бүкіл дивизияның зиялы қауымына Ұлы Абай мен Мұхтарды таныстырып, хакім Жеңістің мақтаншымымен кеудесі аспандаған ұлы халықтың әскери орыстары алдында қатардағы солдат менің төбемді көкке жеткізген генерал есімнен шықпайды.

Рысбай КӘРІМОВ,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі

Фестиваль

Текті сөздің төресі — терме

Аққум ауылында жыршы, термеші Байділда Сәрсеновтің 85 жылдық мерейтойына орай «Текті сөздің төресі — терме» атты облыстық жыршы, термешілер фестивалі өтті. Шараға аудан әкімінің орынбасары Ғани Сүлейменов қатысып, мерейтой иесіне аудан әкімінің «Құттықтау» хатын табыстап, қазақы дәстүрден жаңылмай шапан жапты. Сондай-ақ мерейтой иесін ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қосым Жүсіпбекұлы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, аудандық мәслихат депутаты Қуат Адисұлы құттықтап, жылы лебізін білдірді.



— Көмейінен жыр төгілген өнерпаздар жыршы, термеші Байділда Сәрсеновтың мерейтойының құрметіне Аққум ауылына келіп, ел ағасының мерейін өсіріп жатыр. Атадан балаға мирас болған саф алтынды төл өнерімізді жас толқынның құлағына сіңіріп, артында ешпес із қалдырып келе жатқан Байділда ақсақалдың мәдениет, білім, ауыл шаруашылығы саласына сіңірген еңбегі зор. Сіз тау суының тамшысындай сылдыраған сүлу сазды, өнерге деген іңкәрлікті кейінгі ұрпаққа насихаттап келесіз. Мерейтойыңыз құтты болсын! Сіз қандай құрметке де лайықсыз. Ұрпағыңызбен мың жасап, терімде осылай жарқырап жүре беріңіз. Ел ермең, ер елімең, жүрек журағатымең ұрпақ ұлағатымен есіп-өнген қазақтың. Атадан балаға мирас болып келе жатқан жырарлық дәстүріміз әрі қарай да дами берсін. Бүгінгі облыстық жыршы, термешілер фестиваліне қатысушы өнерпаздарға сәттілік тілеймін, — деді аудан әкімінің орынбасары Ғани Сүлейменов.

Жыршы, термешілер фестиваліне ауданнан Аңсаған Ділдебекқызы мен Бақытбек Даулетбек, Қазалы ауданынан Маржан Оңғаров, Жаңақорған ауданынан Аяулым Абдумажит, Көкен Өскенбай, Арал ауданынан Досымжан Құрманғалиев, Сырдария ауданынан Рысбек Жанұзақ, Шиели ауданынан Әсем Мейіт, және Қызылорда қаласынан Болатбек Әлихан, Байбөл Көшеней, Мейірімжан Маханбетжанов қатысып, жырдан шашу шашып, көрерменнің қошеметіне бөленді.

Шара соңында жыршы, термеші Байділда Сәрсенов сахнада өнер көрсеткен жас жырпауларға қаржылай сыйлық табыстады.

«ЖЖ» ақпарат



Хабарландыру

«Ауыл» Кредиттік серіктестігі ЖШС құрылтайшыларының кезектен тыс жалпы жиналысын 2024 жылы 5 маусымда сағат 10.00-де мына мекен-жайда өткізу туралы хабарлайды: Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Жалағаш кенті Т.Қыстаубаев көшесі №4 үй («Ауыл» КС ЖШС ғимаратында).

Күн тәртібінде:

- Серіктестікке жаңадан несие желісін ашу, жылжымалы мүліктерін, жарғылық салымдағы қаржының 25 пайызын несие желісі бойынша кепілге қою, соттан тыс сатуға келісім беру туралы.
 - «Ауыл» Кредиттік серіктестігі ЖШС құрылтайшыларының арыздарына сәйкес ішінара жарғылық капиталын ұлғайту туралы.
 - «Ауыл» Кредиттік серіктестігі ЖШС-ның құрылтайшыларының жарғылық салымы ұлғаюына байланысты несие лимитін бөлу және жарғылық салымы ұлғаюына сәйкес жылжымалы, жылжымалы мүліктерін, жарғылық салымдағы қаржының 25 пайызын несие желісі бойынша кепілге қою, соттан тыс сатуға келісім беру туралы.
- Сонымен қатар құрылтайшыларға күн тәртібіне қосатын ұсыныс-пікірлеріңіз бар болса, 10 күн ішінде жиналыс ашылғанға дейін серіктестікке ұсынуларыңызды, Құрылтайшылардың жалпы жиналысты өткізу тәртібі ҚР заңдарына сәйкес айқындалатындығын, Құрылтайшылардың жалпы жиналысын өткізу Қазақстан Республикасының «Жауапкершілік шектеулі және қошымша жауапкершілік бар серіктестіктер туралы», «Микроқаржылық қызмет туралы» «Кредиттік серіктестіктер туралы» Заңына, серіктестік Жарғысын басшылыққа алып өткізілетіндігін хабарлаймыз, жиналысқа міндетті түрде қатысуларыңызды сұраймыз.

БСН: 01064000062



Пробация есебіндегі жастар тарихи мекендерге саяхаттады

Пробация — ел заңнамасына сәйкес, есепте тұрғандарға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету бойынша мемлекеттік органдармен, азаматтармен, қоғамдық ұйымдармен және өзге де заңды тұлғалармен өзара әрекеттесе отырып, атқарылатын қызмет түрі. Азаматтардың қылмыстық сот төрелігіне түсуін, қылмыстық жазалау шараларын азайту мақсатында қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес қылмыстық-құқықтық шараларды кеңінен қолдану үшін жағдай жасалған жаңа Қылмыстық кодексте бірқатар санкция жеңілдетіліп, сотталғандарды шартты түрде мерзімінен бұрын босату уақыты азайтылды.

«ЖЖ» ақпарат

Сұхбат



Кәсіп — жұмыссыздықты тұсаудың тиімді тетігі

Ауданда кәсіпкерлік саласында серпін бар. Бізді салада жұмыс жасап тұрған кәсіпорындар санының артқаны қуантады. Мәселен, бүгінге дейін 3001 шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі тіркелсе, қазіргі таңда оның 95,2 пайызы нақты жұмыс істеп тұр. Алдағы уақытта салада қандай тың жобалар жұмысын бастамақ? Қарапайым халық кәсіп ашу мақсатында мемлекеттік қолдауға ие болу үшін қайтпек керек? Осы және өзге де бірқатар сауалымызға жауап алу үшін аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің басшысы Жасұлан Дүйсекеевпен сұхбаттасқан едік.

— Жасұлан Талағатулы, жалпы ауданда жұмыс істеп тұрған кәсіпорындар қатары артып жатыр. Бұл да жүйелі жұмыстың жемісі деп білеміз. Әрбір елді мекендер шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің халық санына шаққандағы үлесі 9 пайызға жеткізу жоспарланған. Осы меже ойдағыдай орындалып жатыр ма?

— Былтыр бұл меже Жалағаш кенті, Жаңадария және Таң ауылдық округтерінде орындалды. Қалған елді мекендер бойынша кәсіпкерлік субъектілерінің халық санына шаққандағы үлесі 9 пайыздан төмен. Бірақ жалпы ол елді мекендерде де ілгерілеу жоқ емес.

— Жоспарға сәйкес жұмыс істеп тұрған кәсіпкерлік субъектілерінің үлесін 95 пайызға жеткізуге қатысты меже орындалып жатыр ма?

— Аталған көрсеткіш Жалағаш кентінде 94,3, Мәдениетте 93,3, Жаңадарияда 92,3, Бұқарбай ба-тырда 92,3 пайызға орындалды. Ал қалған ауылдық округтер бойынша жоспар 95 пайыздан жоғары орындалды. Енді кент, ауылдық округ әкімдері тоқтап тұрған кәсіпкерлік субъектілерінің санын азайту арқылы жұмыс жасап тұрған кәсіпкерлік субъектілердің үлесін арттыру қажет. Жоспарға сәйкес кент және ауылдық округтерге халық санына байланысты жаңадан 530 кәсіпкерлік субъектісінің тіркелуін қамтамасыз ету тапсырылған. Былтыр мемлекеттік кірістер басқармасының мәліметіне сәйкес ауданда 1 173 кәсіпкерлік субъектісі тіркелді.

— Макроэкономикалық көрсеткіштер қалай?

— Былтыр негізгі капиталға тартылған инвестиция көлемі 17 млрд 433 млн теңгені құрады. Өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 144,4 пайызға орындалды. Ауданның өнеркәсіп өнімдерін өндіруші мекемелері мен кәсіпорындары және жеке секторлар арқылы былтыр 31 млрд 912 млн теңгені құрайтын өнеркәсіп өнімдері өндірілді. Бұл көрсеткішті өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 100 пайызға орындалып отыр. Оның ішінде өңдеу өнеркәсібінің көлемі 100,3 пайызға орындалып, 7 млрд 377 млн теңгені өнімі өндірілді. Сонымен қатар ауданда бөлшек сауда айналымының көлемі былтыр 3 млрд 947,8 млн теңгені құрады.

— Аудан кәсіпкерлері мемлекеттік бағдарламаларды тиімді пайдалана ма?

— Мемлекеттік және өңірлік бағдарламалар аясында шағын және

орта кәсіпті бастау, жұмыс істеп тұрған кәсіпін әрі қарай дамыту бағытында былтыр 206 жоба 4 млрд 809,3 млн теңгеге қаржыландырылды. Оның ішінде «Ұлттық жоба» бағдарламасымен 12 жоба 868,7 млн теңге қаржылай қолдау тапты. «Аграрлы Несие Корпорациясы» АҚ-ның облыстық филиалымен 28 жоба 715,2 млн, «Микробизнес Қызылорда» бағдарламасы аясында 28 жоба 273,5 млн, «Ауыл» несиесі серіктестігі» ЖШС арқылы 34 жоба 2377,4 млн, «Каз Агро Қаржы» АҚ және «КомТранс Лизинг» ЖШС арқылы 2 жоба 16,5 млн, «Ауыл аманаты» жобасымен 22 жоба 179,7 млн, «Аграрлы Несие Корпорациясы» АҚ-ның жастарға берілетін 2,5 пайыздық несиесі бағдарламасы арқылы 80 жоба 378,3 млн теңгеге қаржыландырылды. Оның ішінде мал шаруашылығы бойынша 149, елді шаруашылығында 11 жоба бар.

— Жалпы саланың дамуында жастардың үлесі қандай?

— Былтырдан бастап жастарды қолдау және олардың кәсіпін дамуына жағдай жасау мақсатында 2,5 пайызбен несиесі беру басталды. Осы бағдарлама бойынша аудан жастарының 80 жобасы мақұлданып, 378,3 млн теңге несиесі берілді. Бағдарламаға Аққыр, Жаңаталап ауылдық округтерінен бір жобадан қаржыландырылды. Бұдан ауыл жастарының да кәсіпін ынтасын аңғаруға болады. Алдағы уақытта да оларды мемлекеттік бағдарламалармен жан-жақты қолдауға дайынбыз. Жалпы аудан жастарының салаға серпін беруде өзіндік қолтаңбасы бар.

— Жергілікті жұрт «Ауыл аманаты» жобасының игілігін көріп отыр ма?

— Бағдарламаның тиімділігі мен қаржы ұйымының талаптарын түсіндіру үшін аудан әкімінің орынбасарлары мен тиісті сала басшылары тарапынан былтыр Жалағаш кенті және ауылдық округ тұрғындарымен 30 кездесу ұйымдастырылды. Аудан әкімінің хаттамалық тапсырмасында кент және ауылдық округ әкімдері «Ауыл аманаты» жобасы бойынша кемінде екі жобадан қаржыландыру тапсырылған. Бүгінде кент пен 8 ауылдық округ бойынша «Байқоңыр ӘКК» АҚ арқылы өндіріс, асыл тұқымды мал шаруашылығы, қызмет көрсету, өсімдік шаруашылығы бағытында 179,7 млн теңгені құрайтын 22 жоба қаржыландырылды.

— Жалпы саланың дамуы өз алдына, енді осы кәсіпкерлікке дем беру арқылы біз аудандағы

жұмыссыздық мәселесін шеше алдық па?

— Былтыр мемлекеттік бағдарламалар арқылы және жеке қаражаттар есебінен жалпы құны 1 млрд 701 млн теңгені құрайтын 16 жоба іске қосылды. Нәтижесінде 86 адам жұмыспен қамтылды. Мәселен, жеке кәсіпкер А.Ермекеевтің антифриз өндіру цехында 2 адам жұмыспен қамтылған. Б.Айбекованың 120 орындық «Жеті қазына» балабақшасында 18 адам жұмыс жасайды. И.Күзековтың 50 орындық «Арун KIDS» балабақшасында 9 адам жұмыспен қамтылған. «Сызық» ШҚ-ның тәулігіне 60 тонна күрші ақтау және жем өндіру зауытында 8 жаңа жұмыс орны ашылды. Б.Қошқарбаевтың көлік жуу орталығында 3 адам жұмыспен қамтылған. А.Алдабергеновтың көлік жуу орталығы да 3 адамды жұмыспен қамтып отыр. Аудандағы жұмыссыздық мәселесін бір ғана саламен түбегейлі шешу мүмкін емес те шығар. Бірақ біз жұмыссыздық деңгейін мейлінше төмендетуді де назардан шығармаймыз.

— 2024 жылдың да бес айлығы түгесілуге жақын. Жалпы 5 айға жуық уақытта салада басқа да қандай жобалар жұмысын бастады?

— 2024 жылдың 3 айында ауданда тіркелген шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 2863-ке жетсе, нақты жұмыс жасап тұрған кәсіпкерлік субъектілерінің саны — 2726. Негізгі капиталға тартылған инвестиция көлемі 5 млрд 429,4 млн теңгені құрайды. Өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 111,1 пайызға орындалды. Ауданның өнеркәсіп өнімдерін өндіруші мекемелері мен кәсіпорындары және жеке секторлары арқылы 3 айда 5 млрд 775 млн теңгені құрайтын өнеркәсіп өнімдері өндірілді. Сонымен қатар бөлшек сауда айналымының көлемі 3 айда 780 млн теңгені құрайды. Мемлекеттік және өңірлік бағдарламалар аясында шағын және орта кәсіпті бастау немесе жұмыс істеп тұрған кәсіпін әрі қарай дамыту бағытында жыл басынан бері 21 жоба 587,7 млн теңгеге қаржыландырылды. 2024 жылға жоспарланған жалпы құны 441 млн теңгені құрайтын 6 жоба іске қосылса, 23 жаңа жұмыс орны ашылады. Оның ішінде Жеке кәсіпкер М.Бисеновтың наубайхана, «Баба» ШҚ-ның ешкі сүтін өңдеу цехы, С.Әбдікеровтың 3 мың басқа арналған тауық фермасы, Ш.Серік-көвтың мың басқа арналған құс фермасы, Е.Кайповтың және Б.Ахметованың сауда орталықтары бар.

Мұнан бөлек Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес құрылған Бірыңғай Жалпыұлттық, Өңдеу өнеркәсібіне бағытталған жобалар пулы, Бірыңғай индустрияландыру картасы аясында былтыр 1 млрд теңгені құрайтын екі жоба іске асырылады. Оның бірі — жеке кәсіпкер Д.Ержановтың жеке қаражаты есебінен құны 500 млн теңгені құрайтын тәулігіне 30 тонна күрші ақтайтын және жем өндіру зауыты. Жоба іске қосылғанда тәулігіне 30 тонна ақ күрші шығарып, 5 тонна жем өндіреді. 20 адам жұмыспен қамтылады деп жоспарлануда. Қазіргі таңда жер құжаттары толықтай рәсімделіп, техникалық шарттар жасалуда.

Екіншісі, «UNO-PROF Строй» ЖШС-ның «Асфальт өндіру зауыты». Жоба құны — 500 млн теңге. Кәсіпорын толықтай іске қосылған уақытта тәулігіне 800 тоннаға дейін өнім өндіріледі. Жаңадан 15 жұмыс орны құрылады деп күтілуде. Қазіргі таңда жобаны іске асыру бойынша аудан әкіміне жер сұрау бойынша өтініш жазылып, аудандық ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі тарапынан алдын ала зерттеу жұмыстары жүргізілуде.

Жалпы жыл соңына дейін ауданда жалпы құны 1 млрд 241 млн теңгені құрайтын 7 жоба іске қосылып, 60 жаңа жұмыс орны ашылады. Сондай-ақ өңдеу өнеркәсібіне бағытталған инвестициялық жобалар пулы аясында былтыр 1 млрд 30 млн теңгені құрайтын екі жоба іске асырылды. Оның бірі — «AB-AGRO» ЖШС-ның құны 500 млн теңгені құрайтын күрші ақтау цехы. Кәсіпорын тәулігіне 30 тонна күрші ақтап, 5 тонна жем өндіретін болады. Бүгінде 5 адамды жұмыспен қамтып отыр.

Енді бірі — «Бағдаулет-57» фермер қожалығының жалпы құны 530 млн теңгені құрайтын 100 бас ірі қара малына арналған сүт фермасы. Жоба іске қосылған уақытта тәулігіне 3 тонна сүт өнділеді.

— Салаға қатысты кәсіпкерлерге, жалпы іс бастауға ынталы азаматтарға қандай кеңес берсіз?

— Бұл жерде әркім өзінің ыңғайына қарап жұмыс бастайды, кәсіп ашады. Олардың көзқарасына, табысына қатысты ештеңе дей алмаймын. Бірақ біз түсіну керек бір жайт бар, мемлекет қазір салаға ерекше қолдау көрсетіп отыр. Біз тек оны тиімді пайдалануымыз керек. Кәсіпорындар қатарын көбейту арқылы елдің өз-өзін жұмыспен қамтуына жағдай жасауымыз қажет. Себебі бұл — елді мекендерде жұмыссыздықты тұсаудың тиімді тетігі. Қарапайым халықта кәсіпке ынта болуы керек. Міне, осы мақсатта сол қолдаудан үмітті азаматтар мен үйелістерінің қол жеткізетін деңгейіне қол жеткізетін. Ал кәсіпке деп бөлінген қаражат тек сол мақсатқа ғана жұмсалғанда жұмыстың жүйелі жүретіні айтпаса да түсінікті.

— Сұхбатыңызға рахмет!

Сұхбаттасқан
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Бәрекелді!

Мақсатын кәсіпке айналдырған

Қыз бала болғасын ба, әр киімге талғампаздықпен қараймыз. Мен де бір сарынды киімдерден ерекше үлгіде тігілген киімдерді ұнатамын. Бірде айтулы мерекеге өзімнің ойымдағы бір киімді алғым келіп, арнайы тіктірмек болдым. Ауданда өз кәсібін жасап, тапсырыс қабылдап жүрген тігіншілер көп екен. Соның бірі, қолөнер жұмыстары қатты ұнағаны Сымбат Тыныштықбай болды. Расында, қолынан шыққан әр туынды ерекше махаббатпен жасалғаны көрініп тұр. Мен таңдауыма өкінбедім.



Тапсырыс беріп, киім өлшемін алатын кезде қолөнерге деген қызығушылығымнан ба, журналистік әдетім бе, сұрақтар қойып, кейіпкерімді әңгімеге тарттым.

— Тігінге деген қызығушылығым бала кезімнен бар. Мектепте технология деген сабақты қатты жақсы көретінмін. Ең алғаш мұғалімім кішкентай балаға арналған қажекей тігіп үйреткен болатын. Сол кезден-ақ тігін тігу қатты ұнап, ары қарай тоқыма тоқып жалғастыра бердім. Бірақ мектеп бітіргесін биология пәнін таңдап, балық шаруашылығы мамандығына оқуға түстім. Алайда жүрегім әлі тігін тігуге тартып тұрды. Сонымен студент кезімде оқумен қатар тігін курсына жазылып, екі аптада көйлек, жеңіл, белдемше тігіп үйрендім. Содан бастап тоқтаған емеспін, ары қарай өзімді дамытып жүрдім. Студент кездің өзінде-ақ жанымдағы қыздардан алғашқы тапсырыстар алатыным, қазіргі кәсібім сол кезден бастау алды, — дейді Сымбат Тыныштықбай.

Кейіпкерімнің тігін тігуге бала кезден машықтанғаны көрініп тұр. Қанша адам күрс оқып тігімен айналысса да, табиғаты келмейтін тігіншілер де болады. Ал кейіпкерімнің табиғаты шығармашылыққа жақын екенін менің қиялыма құрастырып алған киімді бірден қағаз бетіне түсіріп бергенін байқадым.

Кәсіпкер мектеп жасында бастаған тігін өнерін қазір кәсіпке айналдырған. Тұрмысқа шыққаннан кейін де бос отырмай үйінен тапсырыс қабылдап, құрақ көрпешелер, ұлттық киімдер тігуген айналысқан. Бала күтіміне байланысты демалыс уақытында да құрс отырмай, көптеген қыз-келіншектің ойындағы өнімін тігіп, алғысын алыпты.

Иә, оның жан-жақты екені көрініп тұр. Былтыр мемлекет тарапынан 550 мың теңгеге қайтарымсыз грант иеленіп, кәсібін кеңейткен. «Осының арқасында өзіме қажетті тігін машиналарын алғу мүмкіндігім туыс» дейді ол.

Бұл кәсіпін айналысқанына 5 жыл болған Сымбат Тыныштықбай қазіргі таңда аудан орталығынан «Үкілім» атты жеке тігін шеберханасын ашқан. Киімдерден бөлек құрақ көрпешелер, қыздың жасауы, сәукеле, тақия және тағы басқа ұлттық киімдер тігуген айналысуда.

Байқағанымыздай, қазір шеберхана қазақи бағытқа арналған. Осылайша қиялында құрастырылған киімді үш күнде аяқтап, киіп көруге келдім. Ол сондай әдемі, әр тігіншісі өзі ерекше тиянақтылықпен жасалғаны көрініп-ақ тұр.

Қазіргі уақытта ауданда өз мақсатын кәсіпке айналдырған азаматтар қатары артап. Мемлекет тарапынан көрсетілген мүмкіндікті де оңтайлы пайдаланып, отбасының напақасын табуға. Сымбат ханымның бұл еңбекқорлығы қыз-келіншектерге үлгі болмақ.

Ақнұр БОЛАТҚЫЗЫ



Жаңа орталық жұмысын бастады

Кент орталығында «Ботақан» сауда және балалар ойын сауықтыру орталығы ашылды. Аудан тұрғыны Еркебұлан Кампов қолға алған жобаның жалпы құны 200 млн теңгені құрайды.

Кәсіпкер былтыр «Қызылорда Өңірлік инвестициялық орталығы» микроқаржы ұйымы» ЖШС-ның «Микробизнес Қызылорда» бағдарламасы аясында 6 пайызбен 50 млн теңге несиесі алып, құрылыс жұмыстарын жүргізді. Көлемі 1500 шаршы метрді құрайтын нысанның әр қабаты балалар ойын алаңы, сауда орны, тамақтануға арналған орын секілді түрлі мақсатқа бағытталған. Орталықта 10 адам тұрақты жұмыспен қамтылады.

«ЖЖ» ақпарат

Меншік иесі:

СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Жалағаш аудандық
«Жалағаш жаршысы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары,
жауапты хатшы,
бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
«Жалағаш жаршысы» аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8(7242) 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 нөмісесі 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2840 Тапсырыс № 787